

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның өз қызметі туралы ақпаратты жариялауы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 119 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 5 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2261. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 28 тамыздағы N 206 қаулысымен

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.08.28 N 206 қаулысымен.

----- Қаулыдан үзінді -----

*"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақша төлемі мен аударымы, қаржы ұйымдарының бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі, банк қызметі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:***

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның өз қызметі туралы ақпаратты жариялауы туралы" 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 119 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2261 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

3

4. ...

Төрайым

Е. Бахмутова

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 55-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның :

1) жыл сайын, жылдық қаржылық есепке жүргізілген аудиттің нәтижесі бойынша аудиторлық есепті алғаннан кейін бір ай ішінде кемінде он бес мың

дана таралыммен мемлекеттік және орыс тілдерінде шығарылатын баспасөз басылымдарында бухгалтерлік балансты және кірістер мен шығыстар туралы е с е п т і ж а р и я л а й т ы н ы ;

2) оның қызметі туралы ақпарат жарияланған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ақпарат жарияланған баспасөз басылымдарының көшірмесін ұсынатыны белгіленсін.

2. Осы қаулы күшіне енген күннен бастап мынадай нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының "Бұқаралық ақпарат құралдарына зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың және "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның инвестициялық қызметтерінің нәтижелері туралы есептерді жариялау туралы" 1999 жылғы 25 маусымдағы N 355 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 849 тіркелген, 1999 жылғы тамызда "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналының N 8 жарияланған);

2) Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының 1999 жылғы 25 маусымдағы N 355 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 26 қазандағы N 461 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 981 тіркелген, 1999 жылғы желтоқсанда "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналының N 12 ж а р и я л а н ғ а н) .

3. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының барлық мүдделі бөлімшелеріне, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға, "Активтерді Басқарушылар қауымдастығы" қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ф.Сәйденовке жүктелсін.

5. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ